

Пайдаланылған әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Белавина И.Г. и Найденская Н.Г. Планета – наш дом. Учебник хрестоматия для дошкольников- М Издательство 1995г
2. Давыдова Г.Н «Нетрадиционные техники рисования в детском саду», I-часть, II-часть -2007.
3. Корчаловская Н.В Посевина Г,Д Комплексные занятия по развитию творческих способностей дошкольников; Методические пособие. Ростов Н/Д «Феникс »2003
4. Т.С.Комарова Рисование для среднего старшего возраста из серии, «Страна чудес». М АСТ.1998г

Қосымша әдебиеттер:

1. Казаковой Р.Г- Рисование с детьми дошкольного возраста нетрадиционные техники, планирование конспекты занятия. М-ТЦСфера 2004
2. Топалова Е.П Художники с пеленок.-М Айрис-Пресс,2004
3. Шорыгина Т.А Серия пособий из цикла .Знакомство с окружающим миром. Развитие речи -2004

Сілтемелер:

1. <https://syr-daryny.kz>
2. <https://bilimdinews.kz>

Тақырыптық жұмыстық жоспар

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны
1	Күзгі өнімді жинауға арналған себет	Композицияны құрастырады, алған білімдеріне сүйене отырып түстерді дұрыс сәйкестендіре алады.	1
2	Құмыраға салынған гүлдер	Өз талғамдарына сай ұқыптылықпен гүл шоғы композициясын құрастырады.	1
3	Жәндіктер , қанатты бунақ денелілер	Монотопия техникасымен таныса отырып, симметрия арқылы сурет салады. (алақанымен сурет салу техникасы)	1
4	Су асты әлемі	Түстерді дұрыс пайдаланады, алған білімдеріне сүйене отырып композиция құрастыра алады.	1.
5	Күнбағыс	Шаблонды пайдалана біледі. Өрнектеу техникасымен таныса отырып, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін бейнелей алады.	
6	Іздер	Қылқаламмен түрту техникасымен таныса отырып, әр түрлі аңдардың іздерін ажыратып салады.	1
7	Аспан әлемі көрністері	Елестету арқылы өз қиялдарындағы суретті қағаз бетіне түсіріп бейнелей алады.	1
8	Ағаштар	Қылқаламмен түрту техникасымен таныса отырып, әр түрлі аңдардың іздерін ажыратып салады.	1
9	Сұр қоян	Суретті толық аяқтай алады. Алған білімдерін пысықтай отырып, дене мүшелерін сәйкестендіре алады.	1
10	Өз бетімен жұмыс	Кляксография техникасымен таныса отырып, өз қиялдарындағы суретті қағаз бетіне түсіріп бейнелей алады.	1
11	Менің сүйікті мысығым	Сүйікті мысығын бейнелеуде ерекше белгілерін айқындап, алған білімдерін пысықтай отырып суретті сала алады.	1
12	Қыраулар	Қылқаламмен суреттеу техникасын пайдаланып бейнелей алады.	1
13	Ыдыс – аяққа ою - өрнектер салу	Қарапайым суретті заттың сыртына сәйкестендіріп салады.	1
14	Аққала	Балалар гроттаж техникасымен таныса отырып, акварель бояумен суреттерді	1

		айқындап салады.	
15	Шыршамыз жарқыра	Шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып композиция жасай алады.	1
16	Өз бетімен жұмыс	Жаңа мақта таяқшалармен сурет салу техникасын үйрене отырып, қанық түстерді пайдаланып, сәйкестендіре безендіреді.	1
17	Сыйлық жасай аламыз	Жоспарлаған ойын жүзеге асыру барысында әр нәрсені талғаммен үйлестіріп сала алады.	1
18	Қыс көрністері	Композицияны құрастырады, алған білімдеріне сүйене отырып түстерді дұрыс сәйкестендіре алады.	1.
19	Ғажайып ертегі кейіпкерлері	Ғажайып сиқырлы кейіпкерлерді көз алдарына елестете отырып түстерді үйлестіріп сурет сала алады.	1
20	Аквариумдағы алтын балықтар	Жұмысты бейнелеуде ойын толықтай жинақтап суретті аяқтайды.	1
21	Сиқырлы орманға саяхат	Шығармашылығын, фантазиясын, қиялын қолдана отырып бейнелей алады.	1
22	Бөлме өсімдіктері	Эстетикалық талғамдарына сай екі түрлі техника мен комбинация жасай алады.	1
23	Тиін	Графарет техникасын меңгере отырып, түстерді дұрыс пайдаланады.	1
24	Терезеге салған аяз өрнектері	Өрнектеп өрбітіп салуға дағдылана отырып, түстерді үйлестіріп сурет сала алады.	1
25	Аналар мерекесіне сыйлық	Өз талғамдарына сай ұқыптылықпен гүл шоғы композициясын құрастырады.	1
26	Менің ойыншықтарым	Екі техниканың комбинациясын пайдалану арқылы қанық түстерді сәйкестендіре безендіреді.	1
27	Вазадағы жемістер	Түстерді дұрыс ажырата алады, композиция құра алады.	1
28	Наурыз – ұлыс күні. Өз ойларымен жұмыс	Түрлі-түсті бояуларды талғамға сай пайдалану арқылы мерекелік көңіл-күйді көрсететін суретті бейнелей алады.	1
29	Көктемгі бәйшешектер мен қызғалдақтар	Акварельмен жұмыс жасау арқылы алғашқы көктемгі гүлдерді бейнелейді.	1
30	Жыл құстары	Түрту техникасымен композиция алған білімдерін пысықтай отырып суретті сала алады.	1

31	Көктемгі орман ағаштары	Алақанмен сурет салу техникасын пысықтап, фантазияларына сай көктемдегі ағаш ерекшеліктерін бейнелейді.	1
32	Ас ішетін ыдыс – аяқтар	Өз шығармашылықтарын эксперименттеу арқылы талғамдарына сай сурет салады.	1
33	Үйшік ертегісі	Гротаж техникасын қолдана отырып, талғамдарына сай сурет салады.	1
34	Менің ойыншықтарым	Монотопия техникасы арқылы ойыншықтарын бейнелей алады.	1
35	Кемпіркосақ	Негізгі 7 түс арқылы кемпіркосақты салып, үстерді үйлестіре алады.	1
36	Қортынды сабақ .Өз ойларымен сурет салу	Алған білімдері нәтижесінде өз ойларын эксперименттеу арқылы сурет сала алады.	1
Барлығы:			36

Түсінік хат

Шығармашылық қалыптан тыс ойлау қазіргі заманда шығармашылығы жоғары бағалы адам болып есептеледі. Шығармашылық қабілетін жетілдіру баланың қалыптан тыс ойлау қабілетін дамытуға септігін тигізеді. Сурет салуды бала ерте жастан бастайды, олардың қиялдау қабілеті жетіледі және оны бейнелеуге машықтана бастайды. Егер де белгілі бір стереотиптерді немесе бірқалыпты бір әдетпен қолдана берсе, қолымнан басқа ештеңе келмейді деген балалық қорқыныш, өз - өзіне сенбеушілік пайда болады. Баланы бейнелеу сабағынан үлкен суретші етіп шығару міндет етілмейді. Керсінше балаға еркіндік беріп, шығармашылыққа, өз бетімен жұмыс жасауға, қиялдауға, ойлау қабілетінің табиғи берілген бақылаушылық және бағалаушылық, қабылдау, зейін қойып орындау қасиеттерін арттыру үшін жүргізіледі. Берілген тапсырмадағы туынды баланың өмір тәжірибиесінде кездеспеген болса, таныс болмаса, оны бала түсінбейді, бейнелей алмайды. Түінбегендіктен ісін жүзеге асыра алмайды. Түсіндірілмеген, мағынасыз бейнелер ұсынылмауы тиіс. Балалар қабылдауына қарай өз ойларын еркін жеткізе білулері керек.

Бағдарламаның мақсаты: Шығармашылық жұмыстарда техникалық құралдарды (монотопия, гратаж, кляксография т.б) пайдалана отырып, бала өзінің жеке көзқарасын, ой-өрісін, қабілетін шындау арқылы бейнелеу өнерінің қыр-сырын танып қолдана алады.

Бағдарламаның міндеті:

- түрлі материалдардың техникасын меңгеріп, дұрыс қолданады;
- сурет салуға қызығушылықтары оянып, белсенділік танытады;
- бейнелеу өнеріне сүйіспеншілігін таныта отырып, шығармашылық мәдениетін көрсете алады.

Күтілетін нәтижесі:

- түрлі техникаларды меңгеру арқылы ой-өрістерін дамытып, қиялы артады;
- сурет салу техникасындағы түрлі материалдарды өз орнымен пайдаланады;
- бала өз қабілетін көрсету арқылы көркем – мәдениетке деген оң көзқарастарын танытады.

Бағдарламаның мазмұны 1 жылға жоспарланған. Жалпы сағат саны 36, аптасына 1 сағаттан өткізілуге жоспарланған. Ұзақтығы 15-20 минутты қамтиды.

ШҚІР

«Әсем бояулар» мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеті, ойлау мен сөйлеу процесін дамытуға арналған бағдарлама болып табылады. Балалардың ішкі жан дүниесін және қиялын шындымен, шығармашылық бастауын дамытуға бағытталады.

Бағдарламаны жүргізу барысында түрлі-түсті бояулар қолданылуы, олармен жұмыс жасау тәсілдерін білу, кимылдармен, сөздермен, дыбыстармен суретті салу, балалардың сюжетті, құралдарды өз еркімен тандауы, сонымен қатар, өз мүмкіндігін сезінуі, мектепке дейінгі жастағы балалар мен тәрбиешілердің шығармашылығы, қызықты ашылымдарды және бір – бірінің арасындағы қарым – қатынасты түсінуді қалыптастырады.


Ұсынылып отырған бағдарламаның ерекшелігі – сабақтың бір оқу жылына әзірленетіні және ересек топ жасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың міндеттерін басшылыққа алады.

Бағдарламадағы тақырып ұстанымы, ойындар мен тапсырмалар қолмен пәшәндерді құрастыруға, талдау мен жинақтауға, әсемдікті түсінуге, үйлестіру мен есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Техникалық дағдыларды меңгерту, ұсталыққа оқыту, суреттелетін бейненің ерекшелігін, материалдардың бейнелеуші сипатын ескере отырып, түрлі тәсілдерді қолдануға дағдыландыру ұсынылған бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі.

«Әсем бояулар» бағдарламасы өте қызықты және маңызды, бейнелеу ісі арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың көркем-шығармашылық қабілетін жетілдіруге көмектеседі.

Темір аудандық білім бөлімі



Бекітемін : 
«Балдәурен» балабақшасының
менгерушісі : Ж.Н. Нұржанова
№ 1. Педагогикалық кеңес
Хаттама № 26.08.2020 ж

Келісілді : 
Темір аудандық білім, дене
шынықтыру және спорт
бөлімінің басшысы
Г.О. Нұрғазина

БАҒДАРЛАМА
«Әсем бояулар»
(Ересек тобы)